

**«Мұнайлы аудандық аурухана»
ШЖҚ МКК
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Маңғыстау ауылы

11.08.2026 жыл

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ, «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның 2026 жылғы 24 шілдедегі №144 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге, 03.01.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жыл аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы 12 шілде – 12 тамыз аралығында жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге құрылған жұмыс тобы:

Жұмыс тобы басшысы:

1. Директордың стационар бойынша орынбасарының м.а. – Аймоқенов Б.А.

Жұмыс тобы мүшелері:

2. Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары – Рысбекова Л.Т.

3. Директордың ішкі аудит және пациенттерді қолдау қызметі бойынша орынбасары – Баймбетова З.Н.

4. Бас есепші – Жарылкасынова Ш.

5. Бас экономист – Абдильдаева Ж.

6. Заңгер – Ешбаев Т.Ш.

7. Персоналды басқару бөлімінің маманы – Ерқашева Ж.А.

Жұмыс тобы хатшысы:

8. Комплаенс офицерінің м.а. – Дабикова Г.А.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің міндеті «Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерттеу және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау болып табылады.

**«Мұнайлы аудандық ауруханасы»
ШЖҚ МКК**

**Қызметін қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарды сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кәсіпорын өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді, соның ішінде Еңбек кодексін, Азаматтық кодексті, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексті, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарды және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді жүзеге асыру үшін арнайы Ереже әзірленіп, бекітілді.

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықтың зияны мен оның алдын алу жолдары туралы түсінігін арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, Кәсіпорынның бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіледі.

Халыққа көрсетілетін қызметтер туралы қажетті ақпаратты қолжетімді ету үшін Кәсіпорын ғимараттарында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттар мен қызмет көрсету тәртібі көрсетілген ақпараттық стендтер орналастырылған.

Сонымен қатар, Кәсіпорын жұмысының ашықтығы мен халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында интернет желісіндегі ресми ақпараттық ресурстар жұмыс істейді. Бұл ресурстар арқылы азаматтар Кәсіпорынның қызметі туралы қажетті ақпаратпен танысып, өздерін қызықтырған мәліметтерді ала алады.

Бұдан бөлек, Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сондай-ақ сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер тұрақты түрде зерделеніп, олардың талаптарының сақталуына талдау жүргізіледі.

Жалпы, Кәсіпорында заң талаптарын сақтау, ашықтықты қамтамасыз ету, халықпен кері байланысты нығайту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Құқықтық актілерде анықталған тәуекелдер саны 0 (бірлік), ішкі құжаттарда анықталған тәуекелдер саны 0 (бірлік).

«Мұнайлы аудандық аурухана»

ШЖҚ МКК

Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Персоналды басқаруға қызметі

Жалпы ақпарат:

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да персоналды басқару жұмыстары бекітілген штат саны мен қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Бос лауазымдарға қызметкерлерді қабылдау кезінде ашықтық пен қолжетімділік қағидаттарына басымдық беріледі. Осы мақсатта бос жұмыс орындары Enbek.kz электрондық еңбек биржасында орналастырылып, сонымен қатар жұмысқа орналасуға ниет білдірген азаматтардың түйіндемелері қарастырылады.

Персоналды басқару қызметі шеңберінде қабылданатын барлық құжаттар мен актілер, оның ішінде еңбек шарттарын жасау және тоқтату, қызметкерлерді көтермелеу, тәртіптік жауапкершілікке тарту, еңбек демалысын беру және жұмыс уақытын ұйымдастыру мәселелері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес рәсімделеді.

Кәсіпорында персоналды басқару саласындағы жұмыстардың заң талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында 2025 жыл бойынша ішкі талдау жүргізілді. Талдау барысында Кәсіпорынның штаттық құрылымы, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және олардың өз еркімен жұмыстан шығуы, жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын тоқтату, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға байланысты жұмыстан босату, қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту және тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау, сондай-ақ персоналды басқарудың өзге де бағыттары қамтылды.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде персоналды басқару үдерістерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына негіз болатын фактілер анықталған жоқ. Қызметкерлермен еңбек қатынастары заң талаптары мен белгіленген ішкі тәртіпке сәйкес жүзеге асырылуда.

Ішкі талдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

1. «Мұнайлы аудандық аурухана» ШЖҚ МКК-ның бекітілген штаттық бірлік бойынша есебі:

№	Құрылым атауы	2025 жыл		
1	Басшы құрам	6		
2	Дәрігерлер	211,25		
3	Орта медициналық қызметкерлер	550		
4	Кіші медициналық қызметкерлер	111,5		
5	Басқа қызметкерлер	168		

Барлығы:	952		
----------	-----	--	--

2. «1. «Мұнайлы аудандық ауруханасы»» ШЖҚ МКК-ның 2025 жылғы жұмысқа қабылданғандар және жұмыстан қызметкердің өз бастамасымен жұмыстан босатылғандар есебі:

№		Жұмысқа қабылданғандар				Жұмыстан босатылғандар			
		дәрігер	Орта медицина/қ қызмет-лер	Кіші медицин/қ қызмет/ле р	Басқа қызмет /керлер	дәрігер	Орта медицин/қ қызмет/лер	Кіші медицина/қ қызмет/лер	Басқа қызмет /лер
1.	2025	65	196	77	90	15	41	6	5

Жұмысқа қабылдану мен жұмыстан қызметкердің өз бастамасы бойынша жұмыстан босатылудың басым бөлігі, 2024 жылы жоғары көрсеткішті құрап отыр.

3. «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның 2025 жылда жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер есебі:

№	Талдау жылы	Жұмыстан босатылғандар				Барлығы
		Дәрігер	Орта буын	Кіші буын	Басқа қызметкерлер	
1.	2025	0	0		0	

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылғандардың басым бөлігі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сәйкес заңсыз ереуілді одан әрі жалғастырғаны үшін, сондай-ақ бір жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде дәлелді себепсіз үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмағаны үшін жұмыстан босатылған.

4. «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның 2025 жылда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша жұмыстан босатылғандар есебі:

№	Талдау жылы	Жұмыстан босатылғандар	Барлығы
1.	2025	0	0

Жұмыстан сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар бойынша, 2025 жылы бір дерек орын алған жоқ.

5. «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның 2025 жылдарда тәртіптік жазаға тартылғандар есебі:

№	Талдау жылы	Тәртіптік жаза тартылғандар	Барлығы	Мерзімінен бұрын алынғандар
1.	2025	63	85	58

Қосымша ақпарат: Жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу желісі бойынша

Мемлекеттік сатып алу қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдер саны – 0

Жалпы ақпарат:

Кәсіпорын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Сатып алу кезінде негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынады:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алу қағидалары;

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы №375 қаулысы. Бұл қаулы медициналық көмекті көрсету үшін қажетті дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, арнайы емдік өнімдерді және фармацевтикалық қызметтерді сатып алу тәртібін белгілейді;

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.

Кәсіпорынға қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер алдын ала анықталып, олардың барлығы жылдық сатып алу жоспарына енгізіледі.

Алдымен кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері өздеріне қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша өтінім береді. Осы өтінімдер негізінде экономистер бөлімі қажеттіліктерді жинақтап, жылдық жоспарға енгізеді. Одан кейін мемлекеттік сатып алу қызметі бекітілген жоспарға сәйкес сатып алу рәсімдерін жүргізеді.

Кәсіпорынның ашықтығы мен жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алу жоспарлары ресми интернет-ресурста орналастырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспары, конкурстық құжаттар және мемлекеттік сатып алу порталында жарияланған құжаттарға енгізілетін өзгерістер директордың бұйрығымен бекітіледі.

Осылайша, кәсіпорында мемлекеттік сатып алу жұмыстары алдын ала жоспарланып, қажеттілікке қарай жүргізіледі және барлық рәсімдер қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 779 келісім шарт жасақталған, оның ішінде:

- Баға ұсыныстары бойынша жасақталған – 392 келісім шарт.
- Конкурс бойынша жасақталған – 19 келісім шарт.
- Электрондық дүкен арқылы – 26 келісім шарт.
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша – 76 келісім шарт.
- Тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 35 келісім шарт

Жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау желісі бойынша.

Кәсіпорын қызметінде жасырын мемлекеттік қызметтер табылған жоқ.
Мүдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдердің жалпы саны – 0

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Ұсыныстардың жалпы тізімі:

Медициналық ұйымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізу қажет. Бұл ретте қызметкерлердің адалдығы мен жауапкершілігін арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақытылы анықтауға және заң бұзушылықтардың алдын алуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- Қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындауын қамтамасыз ету және заң талаптарын бұзуға жол бермеу. Осы бағытта қызметкерлерге тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқыту семинарларын ұйымдастыру және біліктілігін арттыру курстарына уақытылы жіберу;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу туралы ақпараттар орналастырылған ақпараттық стендтер мен тақтайшаларды медициналық ұйымның көрнекі жерлеріне орналастыру;

- Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерлердің жұмысын тұрақты бақылау және талдау жүргізу. Мемлекеттік сатып алу, дәрілік заттар, медициналық бұйымдар мен фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде заң талаптарын қатаң сақтау;

- Комплаенс-қызметтің жұмысын тиімді ұйымдастырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және олардың алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

- Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, парасаттылық және адалдық қағидаттарын түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында анықталған кемшіліктерді жою және олардың қайталануына жол бермеу мақсатында тиісті іс-шаралар жоспары әзірленді.

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Директордың емдеу ісі жөніндегі
орынбасары

Р. Бекбова Л. 
(аты:жөні)

Директордың ішкі аудит және пациенттерді
қолдау қызметі бойынша орынбасары

Қайыбиетова З. Бект. 
(аты:жөні)

Директордың стационар бойынша
орынбасарының м.а.

Ахметов Г. А. 
(аты:жөні)

Бас экономист

Ахметова М. С. 
(аты:жөні)


Бас есепші

Жарылқасқова С. К. 
(аты:жөні)


Комплаенс офицерінің м.а.

Ерқашева М. А. 
(аты:жөні)

Персоналды басқару бөлімінің
маманы

Асбекова Г. А. 
(аты:жөні)

Заңгер

Алиев Т. М. 
(аты:жөні)

Таныстым:

(Мемлекеттік мекеменін/ұйымның басшысының қолы және Т.А.Ә.,)